



Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі




Түркістан облысының Білім басқармасының

«Сайрам Ауданының Білім Бөлімі»

«Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі



Такырыбы: «Кош бол балабақша!»



«Қарлығаш» тобы

Тәрбиешілер: Жунисбекова Б.

Жаутикова А.



2022-2023жж



«Қош бол балабақшам!»

Құрметті жолаушылар, туристер! Біз ұшаққа отырдық, белдіктеріңізді тағып, ыңғайланып отырыңыздар. Бағытымыз «Жанерке»балабақшасы. Салон ішінде тұрып жүргүре болмайды. Салон ішінің температурасы 52 градус. Біздің әуе лайнері «Қош бол балабақша!»атты ертеңгілікке бағыт алдық. Құрметті қонақтар, ата – аналар балабақшамен қоштасу ертеңгілігіне «Жанерке» балабақшасының «Қарлығаш» тобының тұлектері «Сәт сапар» ұшағымен келіп қонды. Ертеңгілік барысында қол телефондарынызды өшіріп, дабыр сөзді қойдырып, қолдарыныздан келгенше әр баламызды қошеметтеп, әр сөздерін мұқият тыңдалап, өнерлеріне тамсанып, қуаныштарын бөлісулеріңізді сұраймыз. әуенімен кіреді.

Бүгінгі кешіміздің тұлектерін таныстырып өтсек.

Спортты жаны сүйеді

Салаутты өмір сүреді.

Бар қоғамдық жұмыстын,

Ортасында жүреді.

Айзере: топтың жүрегі.

Майысып, жымып отырған

Аяла біздің жұмбақ жан

Достық деген сезімді

Қастерлеген асыл жан,

Достық жолы- дара жол,

Достық жолы- адал жол,

Адалдықты, достықты

Ата- ана сізден алған ғой!

Ән салғанда шырқап бір,

Шаршамайды сірә бір.

Бекнұр біздің өнерлі,

Сырын терең ұға біл.

Қане, **Аяжан** тобымнын,

Гүлі болып шыға ғой.

Сені көрген адамның

Қуанбауы зая ғой.

Спортпенен білім жағын бір қосқан,

Кем қалмаған талантпенен табысқан.

Қараңыздар **Мухамедали** ортада,

Тауды бұзар шын кіріссе намыстан.
Сабырлы, жайсаң мінезі
Адалдықты сүйеді.
Бәрі де бәрі сыйлайды
Топтас құрбы Ақмаржан.
Бойында үлкен намыс бар,
Әрқашан алға ұмтылған.
Сегіз қырлы, бір сырлы
Намысшыл жігіт Алинұр.
Мінезі жібектей жайдарлы
Рамазан тобымыздың айнасы
Ананың аялы ақылын,
Ісімен біздерге танытты.
Әдепті, ұлғіні кім берген,
Әрине, Ата-ана сіз екен.
Сәбидей, ақ жарқын мінезді
бәріміз білеміз.
Тәрбие, өнеге тірегі
Ата-ана сізді де білеміз.
Қоштасу күнінде бүгінгі,
Қуаныш сізге тек тілейміз.
деген бала бар,
Бойында түрлі сала бар.
Көпшілікті қуантып,
Үлкен үмітпен қаратар.
Аяулым— аяулы ару қыз,
Келбетті, әдепті, байыпты.
Ізгілік, ұяндық бәрі де
Бойына өзінің дарыпты.
Парасатты ер жігіт,
Ақылменен біледі.
Сегіз қырлы, бір сырлы

Бекзат күліп жүреді.
Биязы мінезімен
Түрлі рөлді сомдайды.
Күлімдеген Әсияны

Барлық досы қолдайды.
Сері ғой, өжет мінезді **Бексұлтанымыз**,
Сыныптағы нағыз жігіт қараңыз!
Талпынып қуантады білімімен,
Ата-ана сізге алғыс айтарымыз!
Аңғал ғой, балаңыз ақжарқын,
Күлімдеп үнемі жүреді.
Ата-ана ақылын ақтайтын,
Айару: біздің ақылды, ардақты.
Қуанам мен тобымның нұрларына,
Балалардың туған ой мен қырларына.
Тәрбиелеп өсірген жемістерім,
Ризамын ұлдарыма.
Кіп-кішкентай болса да
Елді аузына қаратар.
Сүйкімді қыз
Мөлдірдің
Көркі оның көз тартар
Расул деген ұл да бар,
Қыздар оны мақтаған.
Жарыс десе жайнайтын,
Топ намысын қорғайтын.
Ортамыздың ажары,
Асел ерке қыз.
Әр қылышын көтеріп,
Еркелете береміз.
Біледі ол жақсы менен жаманды,
Өнерменен тамсандырған адамды.
Дана біздің ортамызда сұлу қыз,
Сұлұлығымен бағындырар ғаламды.

Ақсұлтан:
Құрметті қонақтар армысыздар
Бәріңізде есен – аман бармысыздар?
Таусылмайтын ағытып ой арманың
Ал, достарым ақ жол тілеп, сөз бастағын
Медина:
Ақ тілекті ағытып бір тастайық

Қоштасатын кешімізді біз бастайық
Жұздерінен көркем шаттық арайлы
Болсын солай әрбір күнің, әр айың
Бүгінгі қоштасу кешімізді бастай отырып ортаға білім мен тәрбие нәріне
сусындардан Айгүл Балтабайқызын ортаға шақырамыз.
Ортаға тәрбиәші шығады
Тәрбиеші:
Әтті қызық көп күндер
Алты жасқа жеттіңдер
Барасындар мектепке
Бір белестен өттіңдер
Өсті ақыл — ойларың
Қуанышы бүгінгі
Құтты болсын тойларың
Қымбатты ата – аналар, балабақша қызметкерлері қонақтар бүгін біздің
бірнеше жыл мәпелеп, күтіп, тәрбиелеп өсірген бүлдіршіндерімізді мектеп
табалдырығына шығарып салғалы отырмыз. Эрине бұл да үлкен той,
тойларыңыз құтты болсын! Кәнекей кішкентай түлектерімізді тағы да бір
қошеметтеп бір қол соғып қоялық.

Би. «Стюардесса»

Тәрбиеші:
Алдындағы балалар
Мектепке кетіп барады
Тақпақ айтып бір – бірден
Қимай кетіп барады — дей отырып ортаға балаларымызды өз тақпақ
өлеңдерін айтуда шақырамыз

Ақмаржан:
Балабақша, балабақша
Шаңырағы шаттықтың
Балабақша қорғанышы
Балғын сәби жастықтың
Қуанамыз сыйлаймыз
Қуаныштың мың гүлін
Бақшамызбен қимай біз
Қоштасатын күн бүгін

Ернұр:
Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз
Едік аппақ нәресте
Көп — көп бебек көргенде
Жұбанғаным есімде
6 — бала: Эльдар

Ботақым бөбек деп
Еркелеткен ұл қызын
Анамызды ерекше
Куантатын күн бүгін
Әсті міне бойымыз
Куанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойымыз.

Арслан:

Бұл қуаныш себебін
Бізге қарап ұғарсың
Ер жетті деп бөбегің
Туған Отан қуансын

Кәусар:

Оқимыз білім аламыз
Болашақ жолын саламыз
Бақшаменен қоштасып
Біріншіге барамыз

Аяла:

Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақта
Өз үйіміз сияқты

Тәрбиеші:

Қандай ғажап күн бүгін
Күміс құлкі жан — жағын
Құлімдеген бар бала
Ән айтады шаттана

Ән: «Бала тілегі»

Ортаға «Білгішбек» келеді

Білгішбек: Балалар сәлеметте мен сендерге ақ жол тілегім келіп сендердің мерекелеріңе құтты болсын айтқалы келдім. Сендердің барлықтарында ақылды, саналы білімдісіңдер мен сендерді өз әлеміме шақырамын, менің достарым боласындар бізді алда көп биік асулар күтіп тұр келісесіңдер ме?

Сол кезде велосипедпен Жалқаубек келеді

Жалқаубек: Ой мында не болып жатыр кеттік балалар ойнауға не істеп жатырындар, далада қызық болып жатыр кеттік.

Тәрбиеші: Ау, Жалқаубек сениң мұның не? Мерекеге киініп келмейсің бе, сенде биыл мектепке барасың ғой қараши мына Білгішбек қандай бала болғанын, сенде талпынуың керек емспе?

Жалқаубек: Ой мына Білгішбек мұнда не істеп жүр, бар өзіңің мектебіңе, балалар менің досым болады, біз мектепке бармаймыз аналарымыз, әжеміз оқиды басымызды ауыртпаймыз.

Тәрбиеші: Қой Жалқаубек біздің балалар мектепке әзір, бүгін балабақшамен қоштасып жатыр, сен апаңнан қалмай жылап балабақшага келмей жүргенде

біздің балалар бәрін оқып, біліп алған кәне отыршы көресін.

Білгішбек: Апай мен балалармен ойын ойнап көрейінші балалар мектепке дайын ба:

Ойын «Кім жылдам сөз айтады»

Шарты: Ортаға әр түрлі әріптер тасталады, балалар музыка тоқтағанда әріптердің ұстіне тұра қалады, сол әріпке сөз айтады.

Тәрбиеші: Ал Жалқаубек қалай екен біздің балалар?

Олай болса менде ойынды жалғастырғым келіп тұр «Ия, ия» «Жоқ, жоқ» ойынын ойнайық.

1. Мектепке біз барамыз ба?
2. Кілең бестік аламыз ба?
3. Айтқан тілді аламыз ба?
4. Ақылды бала боламыз ба?
5. Нан жеймін деп жылаймыз ба?
6. Ертеңгісін тұрамыз ба?
7. Сабақ та отырып ұйықтаймыз ба?
8. Ойыншықтармен ойнаймыз ба?
9. Екі алғанда жылаймыз ба?
10. Оқушы біз боламыз ба?

Тәрбиеші: Біздің балалар ағылшын тілде ән айтады «Ағылшын әні»

Жалқаубек: Ой балалар апаларында, мамаларында шаршайды ғой, бармандар мектепке не керек?

Тәрбиеші: Олай болса ата – аналармен де «Ия, ия» «Жоқ, жоқ» ойынын ойнайық.

1. Балаңызға әрқашан тірек сіз ба?
2. Мектепке апарасыз ба?
3. Тамағын уақытылы бересіз бе?
4. Төзімділікке сіз әр уақытта төзесіз ба?
5. Сериял көріп жатасыз ба?
6. Ұрып, нұқып үйретуге барасыз ба?
7. Оқыту мұғалімнің жұмысы деген кері тартпа сөзді айтасыз ба?
8. Сен оқыт, мен оқып шаршадым деп ұрысуға дайынсыз ба?
9. Балаңыз үшін балаларды соғасыз ба?
10. Бала үшін асуладардан аласыз ба?

Тәрбиеші: Рахмет көп — көп

Балаларымыз көнілді

Шақырамыз ортаға

Тойымызға сән беріп

Би билейік тамаша

Кешіміздің одан әрі жалғасын биге берейік

Би: «Вальс»

Білгішбек: Мен балалармен тағы да ойын ойнағым келіп тұр, Жалқаубек сенде ойна.

Ойын «Тез тұратын сандар»

Шарты: Балаларға бірден 10 – ға дейінгі сандар беріледі, музыка тоқтағанда бір қатарға тез тұру керек.

Жалқаубек: Білгішбек сен оны қайдан біліп алдың? Менің асығымнан, фишкамнан, добымнанда қызық ойын екен, менде үйге барып мектепке дайындалайын, балалар сау болындар, күзде мектепте кездесейік.

Тәрбиеші: Білгішбек саған көп рахмет, Жалқаубекті дұрыс жолға салдың ғой. Біздінде балалардың саған дайындаған бір көріністері бар, кәне сенде отырып тамашала.

Көрініс «Нұралы алғаш барады»

Нұралыда бүгін мереке,

Мектепке алғаш барады.

Барша жұртты қаратып,

Адамдар кетіп барады.

Бірақ, Нұралы жалғыз емес,

Соңында кім келеді?

Қарандаршы, балалар поезд жүріп келеме?

Жүргізуши: Нұралының артында асығып келе жатқан кім?

Мамасы: Мен мамасы боламын.

Жүргізуши: Нұралының соңында кім жүгіріп келеді?

Папасы: Мен ғой, папасы.

Жүргізуши: Нұралының соңында кім ақсандалап келеді?

Әжесі: Мен ғой, әжесі.

Жүргізуши: Кім бүрқылдап сүйретіліп келеді?

Атасы: Мен ғой атасы.

Жүргізуши: Айтындаршы, неліктен Нұралыға тіркесіп алдындар?

Немене Нұралы Паровоз ба, вагондарын сүйреп жүретін?

Мамасы: Көйлегінің ілгегін кім салады?

Папасы: Портфелін кім ұстап жүреді?

Әжесі: Қарны ашса, бауырсақты кім жегізеді?

Атасы: Бәтенкесінің бауын кім байлап береді?

Балалар: Өзи

Мамасы: Ол әлі кішкентай ғой

Папасы: Ол әлі әлсіз ғой

Әжесі: Ол әлі жүдеу ғой

Атасы: Ол көп ауыра береді.

Мамасы: Менің кішкентай ғана баламды аяңдаршы.

Папасы: Мен әдейі жұмыстан сұраным, портфелін көтеру үшін.

Әжесі: Немерем жүдеп кетеді – деп бауырсақ алып жүрмін.

Атасы: Жіберіндерші мені бауын байлап берейін.

Жұргізуши: «Білім»- деген тенізде,

Желкенді ақ қайықтай

Нұралы біздің қалқиды.

Нұралы біздің мектепке,

Дайындықпен барады.

Корықпандар үлкендер,

Нұралы нық басып барады.

Тәрбиеші:

Үлкен сенім жүктеп алып,

Мектепке кетіп барады.

Қимай сен балабақшаны,

Қоштасу әнін салады

Ән: «Тәрбиеші»

Тәрбиеші: Оқимыз білім аламыз

Болашақ жолын саламыз

Бақшаменен қоштасып

Біріншіге барамыз деп енді баларымыз балабақшадағы апайларына өз

ризашылықтарын білдірмек

Бағым:

Гүлдендірген бақшаны

Менгеруші апай жақсы адам

Сондықтан да біз үшін

Артықсыз сіз басқадан

Дильбар апайға мың алғыс

Жанерке:

Жайдары жұз, ай қабак

Журеді бізді аймалап

Тобымызға жиі кеп

Білгенінді сұрайтын

Ақыл айтып тұратын Эльмира апайға көп раҳмет

Тайырхан:

Денсаулыққа болаттай

Ауруларды жолатпай

Күнде болған әбдігер

Қамқоршымыз дәрігер

Дәрігер апай мың раҳмет

Айқөркем:

Үйренгеміз өнер біз

Шетімізден шеберміз

Бал татыған әндерді

Мың бұралған билерді
Үйреткен Жақынай Надежда апайларға мың алғыс

Айзере:

Тәтті тағам пісіпген
Айран сүтін ішкізген
Салтанат, Мөлдір апайлар
Сіздерге мың алғыс

Айжұлдыз:

Жазу жазып үйреткен
Әріптерді оқытқан
Санамақты жаттатып
Санауды бізге үйреткен
Жақсы болсақ қуанған
Қате болсақ кешірген
Балжан апайға
Айтамыз біз мың алғыс

Рамазан

Бізді баптап қараған
Күлімдеген жақсы адам
Ақ төсекке жатқызған
Басымыздан сипаған
Шолпан апайға көп рахмет

Тәрбиеші: Жаңа өмір басталсын,
Үміт сенім ақталсын
Ұмытылмай балабақша вальсі
Көңілде мәңгі сақталсын!
Вальс «Балабақшамен қоштасу»

Хор «Қош бол енді балабақша»

Қоңырау соғылады, екі бала ортаға шығып ойыншықтарын тапсырады, кіши
топтың балаларына

Бекнұр: Ойыншықты жинаймыз
Бебектерге сыйлаймыз
Үлкен болып, өсекте,
Бақшамызды қимаймыз

Бақберген: Бірге ойнап, бірге жүрген,
Күндерімді қимаймыз.
Естелік болсын біздерден,
Мына ойыншықты сыйлаймыз.

Балалар бірге:^{*} Қуанышымыз біздің мол
Мектепке біз тарттық жол
Ұмытпаймыз өзінді
Балабақшам қош сау бол!

Тәрбиеші:

Бұғінгі той бәрімізге құтты болсын,
Мектеп есігі әрқашан ашық болсын.
Біріншіге баратын бұлдіршіндерді,
Балабақша менгерушісі құттықтасын.- деп, құттықтау сөзді Сыдыкова
Дильбар Бекболатқызына беріледі.

